

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Айлин» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны**

**Педагогикалық кеңестің
Хаттамасы №1**

14 қыркүйек 2022 жыл.

Қатысқандар- балабақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. Балабақшаның жылдық жоспары туралы.
2. Ұйымдастырылған күн тәртібін бекіту. Перспектива, циклограмма, баланың жеке даму картасы №130 бұйрық (жұмыс жасау)

3. «Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту» баяндама

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Б. Сеилова 2022-2023 оқу жылындағы жылдық жоспармен педагогтарды таныстырып өтті. Жұмыс барысында осы жоспардың жүргізілуіне барлығымыз бірге ат салысайық. Барлық өткізілген іс-шарлармен жүргізілген жұмыстар жазбаша және электронды түрде балабақша әдіскері Ж.Нурдилдаеваға тапсырып отырындар деп сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж. Нурдилдаева ҚР- да МДҰ-да білім беру процесін ұйымдастыру туралы 2022-2023 оқу жылдарындағы әдістемелік нұсқаулық хатта көретілген қажетті құжаттардың құрылымен таныстыра отырып, алдағы уақытта топтардағы ағымдық құжаттарды бекіту туралы айтып өтті.


Барлық топтарға жас ерекшеліктеріне сәйкес күн тәртібі берілген. Күн тәртібіндегі таңертеңгі балаларды қабылдау, таңғы жаттығу, оқу іс-әрекеті, серуен, балалардың балабақшадан қайтуына дейінгі уақытты күн тәртібіндегі кесте бойынша жүргізілсін, перспектива, циклограмма, баланың жеке даму картасы №130 бұйрық пен жүргізілсін деп өз сөзін қорытындылады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша «Балдырған» тобының тәрбиешісі К. Сеиткасимова «Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту» бойынша баяндама оқыды. Баяндама барысында қазіргі таңда еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты - ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу екендігін айтты. «Балалардың коммуникативтік қабілетін дамыту мақсатында ойын элементтерін қолданудың тиімділігі. Ересек адамдардың ісі, жұмысы, қызметі сияқты ойын да бала өмірінде маңызды болып саналады. Бала ойында қандай болса, ол өскенде жұмыста сондай адам болады.» А. С. Макаренко.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Балабақшаның жұмысы жылдық жоспар бойынша жүргізілсін.
2. Жалпыға міндетті білім беру ұйымдарының стандарты негізінде жұмыс жүргізілсін.

Директор
Хатшы



Б. Сеилова
А. Мырзақұл

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Айлин» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны**

**Педагогикалық кеңестің
Хаттамасы №2**

10 қараша 2022 жыл.

Қатысқандар- балабақша
педагогтары

Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы
2. Баяндама: «Ойын арқылы ой-өрісін дамыту».


Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша өткен кеңестің қалай жүзеге асқаны жайлы балабақша директоры Б. Сеилова балабақша әдіскері Ж. Нурдилдаевадан сұрады. Ж.Нурдилдаева тәрбиешілерге өткен пед кеңесте қаралған ҚР – да МДҰ-да білім беру процесін ұйымдастыру туралы 2022-2023 оқу жылдарындағы әдістемелік нұсқаулық хаттың жұмыс барысында жүзеге асырылып жатқандығына тоқталып өтті. Заттық дамытушы ортаның жағдайын талдау бойынша ең негізгі міндеті-балаларға өзін-өзі дамыту жұмыстарында көмек беру, оның өз бетімен білім алуына жағдай жасау, балалардың іс-әрекетін бақылап, тек қажет кезінде көмек көрсету керек екенін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Ақбота» тобының тәрбиешісі С. Тобакабылова «Ойын арқылы ой-өрісін дамыту» атты баяндама оқыды. Ойын – балалардың негізгі іс-әрекетінің бір түрі. Ойын арқылы бала көптеген мәліметтер алады, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады, яғни ойын арқылы білім алады. Ойын адамның өнертанымның алғашқы қадамы. Мектеп жасына дейінгі баланы дамытып өсіретін әрі тәрбиелейтін де негізгі іс-әрекет – ойын. Ойын арқылы бала қоршаған ортамен, адаммен, еңбегімен қарым-қатынасымен танысады. Ойын арқылы ой-өрісі дамиды. Ойын үстінде балалар әртүрлі рөлде жолдастарымен қарым-қатынас жасауға, ойын үстінде ойлана жауап беруге, қиялдауға, елестеуге қабілеттері қалыптасады. Сөздік ойындарды балалардың есте сақтау қабілетін дамытады. Жұмбақты жатқа айтып өз тілін жаттықтырады. Ойын – балалар әрекетінің негізгі түрі. Сондықтан ол бала өмірінде тәрбие мен білім берудің шешуші шарты болып табылады. Оны тиімді пайдалану оқу қызметінің әсерлігін, тартымдылығын күшейтеді, балалардың ынтасы мен қызығушылығын арттырады.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Өткен кеңестің жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде жүргізілген.
2. Балаларды ой арқылы дамыту жұмыстары жүргізілсін.

Директор
Хатшы



Б. Сеилова
А. Мырзақұл

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
« Айлин» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны**

**Педагогикалық кеңестің
Хаттамасы №3**

9 қаңтар 2023 жыл.

Қатысқандар- балабақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. «Балалардың бойындағы әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» баяндама.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша директоры өткен кеңестің жұмыстары жайлы сұрады. Балабақша әдіскері Ж. Нурдилдаева өткен кеңестің шешімі бойынша барлық топ тәрбиешілері өз жоспарлары бойынша жұмыс жүргізуде.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Ақбота» тобының тәрбиешісі А. Мұсабекова «Балалардың бойындағы әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» - атты баяндама оқыды. Мынадай негізгі мақсаттар ерекшеленеді: Мектепке дейінгі ересек жас балаларының әлеуметтік және эмоцияналды салаларының жұмыстардың мазмұнын анықтау..

Балалармен жалпы дәстүрлер, адамгершілік қағидалары туралы ойластыру және өткізу. Бала - бақшада баланың бейімделуі қалай болады?


Баланың бақшаға алғаш келуі ол бала организмі мен психикасы үшін өте күрделі процесс. Ол шынымен жана кезеңге өтеді, организмнің дамытуы үшін жаңа шарттар енгізіледі. Мамандар баланың балабақшаға бейімделуінің (адаптация) 3 негізгі түрлерін ерекшелейді: жеңіл, орташа және ауыры. Жеңіл бейімделуі - балабақшаға келудің алғашқы күнінен бастап баланың тәбеті төмендеп, балалармен ойнауға ниеті жоғалады, бірақ бұл бастапқы 10 - 20 күндей болады. Ата - аналар баласының бірінші айда кенеттен ауыратынын есте сақтауға керек, бірақ ауру зардапсыз 7 - 10 күннен аспайтын түрде өтеді. Орташа ауырлау бейімделуі - балалардың эмоционалдық көңіл - күйі нормада (20 - 40 күндерден кейін) ұзақ мерзімнен астам келеді. Алғашқы екі ай бойы балада тілдік немесе физикалық белсенділіктің нақтылы өзгерістері байқала алады. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығында бала тәрбиесі мен білім беру жүйесін нығайтуда баланың эмоциялы күй - жағдайына көбірек көңіл бөле отырып дамытудың негізгі мәселесі болып қарастырылған. Қоғамның дамуындағы жеке адамның эмоциясы тұрақты нормада болуының қоғамға әсері, экономикалық техниканың жетістіктеріне жетуге итермелеуіне орай, бүгінгі таңда осы проблема ауқымды, өзекті мәселе.

Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың бойында неғұрлым көбірек психологиялық көмек көрсетіп, ойындар ұйымдастыру арқылы олардың сеніміне кіріп кері әсерден арылуға көп мүмкіншілік жасау қажет. Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық күйінде көрінетін жағымды және агрессия түрлерін ашып көрсетіп олармен жұмыс жасау мақсатын алға қойсақ дегім келеді деп сөзін аяқтады.

Жиғалыс қаулы етеді:

- 1.Откен кенестің жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде жүргізілген.
2. Балаларға әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Директор
Хатшы



Б. Сеилова
А. Мырзақұл

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
« Айлин» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны

Педагогикалық кеңестің
Хаттамасы №4

15 мамыр 2023 жыл.

Қатысқандар- балабақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. «Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін дамыту» баяндама
2. Жазғы сауықтыру іс шараларын жоспарлау


Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Б. Сеилова күн тәртібімен таныстырып өтті. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Г. Шамшиева баяндамасымен таныстырды. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, күн сайын ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерінде іске асырылады. Мақсаты: балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу, олардың өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау. Міндеттері: түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту; өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды карау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту; өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру; қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту; өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем-эстетикалық талғамды дамыту; қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу; балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну; балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу деп сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж. Нурдилдаева жазғы сауықтыру іс-шара жоспарымен таныстырып өтті. Жоспар барысында барлық жұмыстар балаларды сауықтыруға арналғандығы жайлы айтты. Жоспар бойынша жұмыс жүргізілсін деп сөзін аяқтады.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Баяндама қанағаттанарлық деңгейде жүргізілді.
2. Жоспар бойынша жұмыс жүргізілсін.

Директор
Хатшы



Б. Сеилова
А. Мырзақұл